

«02» 02 2023 г.
№ 04.01/7017

Ұйымдарға
(тізім бойынша)

Каспий қоғамдық университетінің «Әділет» Жоғары құқық мектебі Сізді Юрий Григорьевич Басиннің 100 жылдық мерейтойына арналған «Қазақстандық цивилистика: қалыптасуы және дамуы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына және «Жеке құқықтың өзекті мәселелері» атты жыл сайынғы Басин оқулары аясында студенттер мен жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына қатысуға шақырады.

Профессор Ю.Г. Басин (1923-2004) – Қазақстанда жастарды құқықтық оқытуға, жоғары заңгерлік білім беруге, сондай-ақ азаматтық құқық ғылымының қалыптасуы мен дамуына баға жетпес үлес қосқан қазақстандық цивилистиканың корифейі, ҚазКСР ғылымының еңбек сіңірген қайраткері, заң ғылымдарының докторы, профессор болып табылады.

Конференцияға ҚР Конституциялық Сотының, ҚР Жоғарғы Сотының, облыстық, қалалық және аудандық соттардың судьялары, ҚР Әділет министрлігінің, ҚР Бас Прокуратурасы мен құқық қорғау органдарының қызметкерлері, адвокаттар мен заң кеңесшілері, мемлекеттік органдардың, халықаралық және үкіметтік емес ұйымдардың, білім беру ұйымдарының өкілдері, отандық және шетелдік ғалымдар, жас ғалымдар (студенттер, магистранттар және докторанттар) шақырылды.

Юрий Григорьевич Басиннің 100 жылдық мерейтойына арналған «Қазақстандық цивилистика: қалыптасуы және дамуы» атты конференция 2023 жылдың 28 наурызында офлайн және онлайн форматында өтеді.

«Жеке құқықтың өзекті мәселелері» атты жыл сайынғы Басин оқулары аясында студенттер мен жас ғалымдардың конференциясы 2023 жылдың 29 наурызында офлайн және онлайн форматында өтеді.

Конференцияның жұмыс тілдері – қазақ, орыс, ағылшын. Қатысу нысаны – **офлайн және сырттай (онлайн)**.

Конференцияның өткізілу орны: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Достық даңғылы 85А, Каспий қоғамдық университеті (үлкен акт залы, 3 қабат).

Осыған орай, Сіз басқарып отырған ұйымның қызметкерлерін осы конференцияға қатысуға шақырамыз!

Анықтама телефоны: +7 (727) 323 10 08 (вн. 210), e-mail: abdikadyr90@mail.ru

Ақпараттық хат қазақ және орыс тілдерінде қоса жіберіледі.

Қосымша: 1 парақта.

Ректор



Ж.М. Нусенов

Орындаушы: Амангалиева А.З.
+7 777 588 02 15

003435

Тізім

1. Республикалық нотариаттық палата
2. Астана қаласының нотариаттық палатасы
3. Алматы қаласының нотариаттық палатасы
4. Шымкент қаласының нотариаттық палатасы
5. Ақмола облысының нотариаттық палатасы
6. Ақтөбе облысының нотариаттық палатасы
7. Алматы облысының нотариаттық палатасы
8. Атырау облысының нотариаттық палатасы
9. Шығыс-Қазақстан облысының нотариаттық палатасы
10. Жамбыл облысының нотариаттық палатасы
11. Батыс-Қазақстан облысының нотариаттық палатасы
12. Қарағанды облысының нотариаттық палатасы
13. Қостанай облысының нотариаттық палатасы
14. Қызылорда облысының нотариаттық палатасы
15. Маңғыстау облысының нотариаттық палатасы
16. Павлодар облысының нотариаттық палатасы
17. Солтүстік-Қазақстан облысының нотариаттық палатасы
18. Түркістан облысының нотариаттық палатасы